

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Тәуелсіздік даңғылы, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электрондық мекенжай: kense@mvd.kz  
20 ж. №

010000, город Нур-Султан  
проспект Тәуелсіздік, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электронный адрес: kense@mvd.kz

«Factcheck.kz» сайты

2021 жылғы 8 шілдедегі  
№1-13908 хатқа

Қазіргі уақытта қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 2026 сотталған кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар үшін жазасын өтеуде.

*Анықтама ретінде: кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120 (зорлау), 121 (сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер), 122 (он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау), 123 (жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету), 124 (жас балаларды азғындық жолға түсіру), 134 (кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту), 144 (кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту)-баптарында, 312-баптың (кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту) екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, жас балаларға (14 жасқа дейін) және кәмелетке (18 жасқа дейін) толмағандарға қатысты жасалған іс-әрекеттер.*

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар үшін жазасын өтеушілердің 52-сі бұрын осы қылмыс түрі үшін жазаға тартылған.

2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен аталған қылмыстар үшін, негізінен жаза мерзімінің аяқталуына байланысты 650-ден аса сотталған босатылған.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін ағымдағы жылдың соңына дейін қанша сотталғанның бостандыққа шығатыны бойынша жеке статистика жүргізілмейді.

Сотталғандардың осы санаты бар мекемелердің психологтары тұрақты негізде іс-шаралар кешенін жүргізеді.

Ағымдағы жылы 5538 жеке әңгімелесу, 1533 психокоррекциялық және психопрофилактикалық іс-шаралар өткізілді, барлық сотталғандар психодиагностикалық іс-шаралармен қамтылған.

Сотталғандарды босатуға дайындау және оларды азаматтық қоғамға қайтару процесі ҚАЖ мекемелерінің қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады және қылмыстық жазасын өтеген адамдар тарапынан жаңа қылмыстардың жасалу себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған жалпы әлеуметтік, сондай-ақ арнайы құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар кешені жүргізіледі (*бақылау және профилактикалық шаралар – есепке қою, әкімшілік қадағалау және пробацялық бақылау*).

Ішкі істер органдары сот әкімшілік қадағалауды белгілеген адамды есепке қойғаннан кейін оның әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін пробаця қызметіне келуін қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, полиция органдары құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық есепке алуды және бақылауды жүзеге асырады.

### Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

*Орынд. С. Наурызбекова*  
*Тел. 72 22 46*

